



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

XIX–XX ғасырлардағы ислам мен
иудаизм



Дәрістің мақсаты: XIX-XX ғасырларда христиан өркениеті абсолютті үстемдікке жеткенде, ислам және иудаизмде қандай жағдайлар болғаны туралы білу.

Сабақтың негізгі терминдері: позитивизм, Дар-эль-Харб, ханафий мазхабы, жәдидизм, сионизм.

Батыс ықпалы. К. Армстронг: «XIX ғасырдың соңына қарай Еуропаның mission civilisatrice айтарлықтай дамыды. 1830 жылы француздар Алжирді, 1839 жылы ағылшындар Аденді отарлады. Осы елдердің жанындағы Тунис (1881), Мысыр (1882), Судан (1898), Ливия мен Марокконы (1912) басып алды. Англия мен Франция Орта Шығысты бөлшектеп, құл елге айналдырды. Еуропа елдері XIX ғасырда модернизм желеуімен мәдени және экономикалық үстемдікке қол жеткізгендіктен, бұл отарлау жоспары ресми батыстандырудың үнсіз процесін жүзеге асырды.

Абай «Біздің жеріміз Дарр әл-Харб...». «Дар-әл-Харб» – «соғыс аумағы» деген мағынаны білдіретін маңызды мұсылман тұжырымдамасы. Пайғамбардың заманынан бері мұсылмандар исламның аумағы деп «Дар ул Исламды», ал «Дар ал-куфр» деп басқа сенімнің аймағын, «Дар-ас-Сұлх» деп бейбітшілік аумағын, яғни бейбітшілік пен ымыра келісімі жасалған ислам емес елдерді айтқан. Дар-әл-Харб көшбасшылары исламға шақыратын ислам дінімен шектесетін аумақтарды, сондай-ақ ислам аймағы болған. Алайда басқа дін өкілдерінің басқыншылығында қалған елдерді айтады. XIX ғасырда Үндістан мен Алжирдің мұсылмандары Дарр әл-Харбты өздерінің Отаны деп санаған, күпіршілерді биліктен босатуға, жиһадқа шақырған. Мұсылмандардың басқа халықтардың басып алған (хижраны) мекендерінен кетуі туралы да мәселе болған. Осылайша, Абайдың ойы басқа отарланған мұсылман елдеріндегі көрініс контекстіне сай келеді.

Яхудилік және Батыс. Ресейдегі зорлық-зомбылық толқыны яһудилердің үміттерін аяусыз аяқтасты етті. Карен: «1882 жылы Ресейдегі алғашқы яһуди сойқырғынынан (геноцидінен) кейін бір топ яһуди Палестинаға орналасу үшін Шығыс Еуропадан көшіп кетті. Өз елі болғанға дейін яһудилердің кемшін және жат адамдар болып қалатынына сенді. Тарихтағы оқиғалар сионистерді өз діндері мен Құдайларының іске аспағанына сендіргендіктен, Сионға (Иерусалимнің көне аты) сағыныш батыл қозғалысқа айналды. Ресей мен Шығыс Еуропада сионизм Карл Маркстың теорияларын қолданысқа енгізген төңкерісші социализмнің қосымша бағыты ретінде таралды.

Еврейлердің еуропалық философтардың антисемитизміне жауап беру үшін яһудилер «ғылыми иудаизмді» дамытты, кейбіреулері сионист болды. Сенімдері үшін холокост ауыр сынақ болды.

Позитивизм (лат. positivus «жағымды») – философия және ғылым методологиясындағы, нағыз білімнің жалғыз көзі эмпирикалық зерттеулер деп есептеп, теориялық ойлаудың танымдық құндылығын жоққа шығаратын бағыт.

Дар әль-харб (араб. соғыс аумағы) – исламдық жерлермен шектелген, басшылары исламды қабылдауға үндеген, сонымен қатар, исламдық болған, бірақ өзге діндегілер басып алған жерлер.

Ханафий мазхабы (араб. ханафия) – сүнниттік исламдағы төрт құқықтық мектептердің бірі.

Жәдидизм (араб. jadīd «жаңа», jadīdiyya «жаңарған») – XIX ғ. соңы XX ғ. басындағы Ресей империясындағы мұсылман халықтары арасындағы (көбі түркі хал.) қоғамдық-саяси және интеллектуалдық қозғалыс.

Сионизм (Иерусалимдегі Сион тауының аты) – мақсаты еврей халқының, оның тарихи отаны Израильде біріктіру және қайта жаңғырту болған саяси қозғалыс.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. XVIII–XIX ғғ. Мұхаммед Абдо немесе басқа ислам реформаторларының өмірі туралы айтыңыз.



Кітап: Иудаизм, Христиандық және Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны
Дәріс: 24. XIX–XX ғасырлардағы ислам мен иудаизм

2. Сіз қалай ойлайсыз, неліктен Инайят-ханның шығармашылығы Еуропа интеллектуалдарының бір бөлігінің арасында танымал болды?
3. Абайдың отыз сегізінші қара сөзін талдаңыз.